1967 жылдың
6 сәуірінен бастап шығады

№ 29 (2103)
15 желтоқсан 2012 жыл

e-mail: agun.katu@gmail.com • www.agun.kz

# Менің УНИВЕРСИТЕТІМ

С.СЕЙФУЛЛИН атындағы
ҚазАТУ СТУДЕНТ
ЖАСТАРЫНЫҢ ГАЗЕТІ

## Тәуелсіздік күні құтты болсын!

*Құрметті әріптестер!*
*Құрметті студенттер!*

*Еліміздің ең басты мерекесі - Тәуелсіздік мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Қазақстан тәуелсіздігі – ең алдымен ұлтымыздың ежелден бостандыққа деген асқақ рухының жеңісі. Азаттықты аялау, тағдыры ортақ тұтас халқымыздың татулығын сақтау рухы биік, намысы берік бабаларымыздың бізге қалдырған асыл мұраты.*

*Ата-бабамыз ғасырлар бойы армандап өткен тәуелсіздіктің дәмін тату – бүгінгі ұрпаққа бұйырған зор бақыт. Осы қуанышымыз құтты, бақытымыз баянды, тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болсын! Әрдайым бірлігіміз бекем, тірлігіміз тиянақты болсын!*

*Бейбіт өмірде берекелі ғұмыр кешкен көпұлтты халқымыздың бірлігі жарасып, татулығы мен ынтымағы арта берсін!*

*Келешегіміз кемел, егемендігіміздің шаңырағы биік болсын!*

***Ректор А.Күрішбаев***







## ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНІП, ЕҢБЕГІ ЕЛЕНГЕН ПРОФЕССОРЛАР МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДАЛАРҒА ИЕ БОЛДЫ

2012 жылғы 13 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай ҚР Білім және ғылым министрі Б.Жұмағұлов отандық білім беру ісіне сіңірген еңбегі үшін С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу кафедрасының профессоры, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Людмила Васильевна Алимжанованы «Құрмет» орденімен, бағалау кафедрасының профессоры, экономика ғылымдарының докторы Михаил Давидович Спекторды «Ерен еңбегі үшін» медалімен және ауыл шаруашылық және астықты қайта өңдеу машиналары кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымдарының докторы Мубарак Әдуұлы Әдуовты «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттады.



## С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚазАТУ РЕКТОРЫ АҚЫЛБЕК КҮРІШБАЕВ «ҚҰРМЕТ» ОРДЕНІМЕН НАГРАДТАДЫ

2012 жылғы 13 желтоқсанда Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов Елбасы атынан салтанатты түрде С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ректоры Ақылбек Күрішбаевты отандық ауыл шаруашылығы саласының дамуына сіңірген еңбегі үшін «Құрмет» орденімен наградтады. Тәуелсіздік кез келген ұлттың басты құндылығы екендігін баса айтқан қала әкімі И.Тасмағамбетов: «Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев сіздерді мемлекеттік наградамен марапаттау туралы Жарлыққа қол қоя отырып, еліміздің ауыл шаруашылығы саласына сіңірген еңбегін жоғары бағалап, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ректоры Ақылбек Күрішбаевты «Құрмет» орденімен наградтады» - деп сөз түйді.

• ЖАҢАЛЫҚТАР ТОПТАМАСЫ

**ҚазАТУ ректоры А.Күрішбаев «Ауыл шаруашылығы үздігі» төсбелгісімен марапатталды.**

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіне ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жауапты хатшысы Е.Аман салтанатты жиында университет ректоры А.Күрішбаевқа Қазақстан ауыл шаруашылығының дамуына сіңірген еңбегі үшін **«Ауыл шаруашылығы саласының үздігі»** төсбелгісін табыс етті.

Аталған мемлекеттік төсбелгі биыл бірінші рет шығарылды. Оған Қазақстанның тәуелсіз жылдарында ауыл шаруашлығы саласының дамуына үлес қосқан азаматтарына, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұрынғы министрлеріне берілді. А.Күрішбаев ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігін 3 жыл бойы (2008-2011 жж.) басқарған болатын.

**ҚазАТУ-да «Жас Отан» Жастар қанатының бөлімшесі ашылды**

2012 жылғы 30 қарашада ҚР Тұңғыш Президенті Күні мерекесі аясында С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық Университетінде «Жас Отан» Жастар қанатының бөлімшесі өз жұмысын бастады.

2012 жылдың 16 қарашасында Елбасының қатысуымен өткен «Жас Отан» жастар қанатының II съезі республика жастарына үлкен серпіліс әкелген болатын. Осы жиыннан кейін



ҚазАТУ-да аталған жастар ұйымын құру туралы студенттер жастардың бастамашыл тобы құрылды. Бүгінгі салтанатты жиын барысында агрономия факультетінің 3 курс студенті Назерке Иманғалиева университеттің атқарушы хатшысын болып сайланып, университеттегі «Жас Отан» Жастар қанатының рөлін көтеру мәселелері талқыланып, қатарға жаңа мүшелер қабылданды.

Университет ректоры А.Күрішбаев өз сөзінде Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың жастар саясатына артып отырған сеніміне кеңінен тоқталды. Білім ордасында «Жас Отан» жастар қанаты бөлімшесін ашудағы мақсат – оқу орынындағы жастардың идеясын бір жүйеге тоғыстырып, жас буынның қоғамдағы орнын айқындау, олардың көшбасшылық қасиетін қалыптастыру.

«Жас Отан» жастар қанатының ҚазАТУ-дағы бөлімшесінің ашылуы мерекелік концертке ұласты.

*******

**Новости КазАТУ**

**Ректору КазАТУ А.Куришбаеву была вручена медаль «Отличник сельского хозяйства».**

Председателю правления АО Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина Куришбаеву А.К. Ответственный секретарь Министерства сельского хозяйства РК Е.Аман торжественно вручил медаль «Отличник сельского хозяйства, за заслуги в развитии сельского хозяйства Республики Казахстан.

Отметим, что данная медаль вручается в этом году впервые. Медаль вручается людям, внесшим огромный вклад в развитие сельского хозяйства Республики Казахстан, бывшим Министрам сельского хозяйства РК за годы независимости. Напомним, А.Куришбаев руководил Министерством сельского хозяйства РК 3 года (2008-2011 гг).

**29 ноября 2012 года в Казахском агротехническом университете им. С. Сейфуллина состоялся КВН (русская лига).** В КВН-е приняло участие 11 команд. Интересная, веселая игра заставила весь зал забыть о своих проблемах и полностью погрузиться в атмосферу игры, в которой ребята развили актуальные проблемы сегодняшнего дня.

Первое место заняла команда




энергетического факультета «Национальная сборная энергетиков». Второе место присудили команде «Бабье лето» экономического факультета. Третье место досталось команде землеустроительного факультета «Не все дома». Все команды были награждены грамотами и призами.

**Наши студенты снова чемпионы Республики по боксу**

В спортивном комплексе «Даулет» г. Астана прошел Чемпионат Республики Казахстан по боксу среди взрослых. В чемпионате участвовали спортсмены из всех областей нашей



страны, честь столицы защищали и наши студенты. Особенность этого чемпионата в том, что по новым правилам международной федерации бокса AIBA изменен формат судейства боев, и боксеры выступают без защитных шлемов.

По итогам чемпионата в весовой категории до 52 кг участник XXX – летних Олимпийских игр в Лондоне, студент 4 курса агрономического факультета Ильяс Сулейменов стал чемпионом страны, еще раз подтвердив, что он сильнейший в этой весовой категории. В финальном бою он победил выпускника 2012 года нашего колледжа Азата Махметова. Весовую категорию до 69 кг, на пьедестал почета которого поднялись наши два студента и один выпускник, можно было назвать весом «КазАТУ». Несмотря на новую для себя весовую категорию, чемпионом страны стал участник XXX – летних Олимпийских игр в Лондоне, студент 4 курса экономического факультета Данияр Елеусинов. Он выиграл финальный бой у выпускника нашего университета 2011 года Бахытжана Кожабекова. Бронзовым призером стал студент 2 курса экономического факультета Мейрим Нурсултанов.

**Новости из жизни университета Вы award можеже найти на нашем сайте: www.agun.kz**

# ЭКС-ПРЕЗИДЕНТ РУМЫНИИ - ПРОФЕССОР КазАТУ

Экс-Президент Румынии Эмиль Константинеску стал почетным профессором Казахского Агротехнического университета им.С.Сейфуллина. Данное мероприятие было организовано в рамках рабочего визита Э.Константинеску в Астану, где он принимал участие в Международном форуме «Первые Назарбаевские чтения: Новый Казахстан в новом мире». В преддверии форума он выступил с лекцией перед профессорско-преподавательским составом и студентами Казахского агротехнического университет им. С. Сейфуллина о закреплении стратегического партнерства между Казахстаном и Румынией и о перспективах взаимного сотрудничества между двумя странами в области образования и науки.



Блестящий интеллектуал, ученый и писатель Эмиль Константинеску вошел в когорту лидеров Восточной Европы начала 90-х годов, таких как Л.Валенса, В.Гавел, Ж.Желев.

Лекция Эмиля Константинеску - известного политического деятеля, возглавлявшего Румынию на рубеже двух столетий, и активно поддерживающего стратегическое партнерство, а также развитие интеграционных процессов между Казахстаном и Румынией, вызвала живой интерес среди академического и студенческого сообщества.



Во время лекции Эмиля Константинеску в Казахском агротехническом университете имени С.Сейфуллина были затронуты вопросы развития интеграционных процессов в сфере образования, науки, молодежной политики и сельского хозяйства. Профессорско-преподавательский состав и студентческая молодежь с большим энтузиазмом и воодушевлением поздравили Эмиля Константинеску с присуждением звания «Почетный профессор КазАТУ имени С. Сейфуллина».

**Р.Нуржанов**





# КАФЕДРЕ ОЦЕНКИ - 50 ЛЕТ

50 лет назад в составе одного из первых факультетов ведущего столичного вуза была образована кафедра планировки населенных мест, ныне кафедра оценки. У истоков зарождения кафедры стоял ученый, д.э.н., профессор Спектор М.Д., долгое время руководивший кафедрой, основавший свою научную школу и сегодня продолжающий традиции подготовки высококвалифицированных специалистов.

На кафедре работают выпускники разных лет землеустроительного факультета: к.э.н.,доцент Гаркушина В.В., д.э.н., Бисенов Ж.А., Саттыбаева Г.А.. Жагипарова Т.Т. и другие. Заведует кафедрой к.т.н. Жумагулова А.А.

За 50 лет деятельности профессорско-преподавательским составом разных лет была проделана огромная научная, учебная, методическая и воспитательная работа. На кафедре защищено 14 кандидатских и 2 докторских диссертации. Итоги исследований были представлены в виде Рекомендаций по расселению и утверждены на заседании НТС МСХ КазССР.



На основе исследований преподавателей кафедры Агентство по управлению земельными ресурсами приняло ряд рекомендаций. Преподавателями кафедры опубликованы сотни научных работ, в том числе 30 учебников и учебных пособий.

За достигнутые успехи в научных исследованиях, в подготовке высококвалифицированных кадров профессор Спектор М.Д. награжден орденами и медалями «Отличник сельского хозяйства», «За отличные успехи в работе», «Почетный землеустроитель», почетными грамотами министерств образования и науки, сельского хозяйства, городского маслихата.

Юбилей коллектива был ознаменован проведением международной научно-методической конференции «Проблемы оценки и планировки территорий».

В рамках празднования была организована выставка научных работ преподавателей кафедры, которая показала широту круга их научных интересов. Труды преподавателей по вопросам методического обеспечения земельных преобразований, земельно-хозяйственного устройства территории населенных мест, методики составления схем землеустройства, оценки широко известны в настоящее время и цитируются в нашей стране и за рубежом.

Тематика докладов включала многообразие актуальных вопросов: рационального использования земельных ресурсов, расселения, развития геоинформационных технологий, оценки имущества и земельных участков. В процессе обсуждения произошел плодотворный обмен мнениями, были уточнены возможности сотрудничества. Научно-практическая конференция показала высокую активность профессорско-преподавательского и студенческого коллектива университета.

Кафедру поздравила в своем видеообращении из Санкт- Петербурга первая заведующая Лукьянова Елена Николаевна. Подарками и поздравительными адресами кафедру отметили студенты, коллеги, работодатели: представители ГосНПЦзема Агентства по управлению земельными ресурсами, руководители оценочных компаний, а также ведущие ученые вузов Москвы, Перми, Нижнего Новгорода, Омска, Санкт - Петербурга, Твери, казахстанских вузов.

Сегодня перед кафедрой стоят задачи по развитию и внедрению инновационных технологий в учебный процесс, а также подготовки высокопрофессиональных специалистов, отвечающих требованиям производства.

Коллектив землеустроительного факультета поздравляет кафедру оценки с прекрасным юбилеем и желает творческих успехов в достижении поставленных целей.

**Абельдина Р.К.**
**Декан землеустроительного факультета**

# РАЗВИТИЕ ЛЕСНОГО ХОЗЯЙСТВА КАЗАХСТАНА И ПОЛЬШИ

В конференц-зале Казахского агротехнического университета и УНПК «Сары-Арка» г. Щучинск проведен виртуальный круглый стол на тему: «Научно-производственные приоритеты развития лесного хозяйства Казахстана и Польши: проблемы и перспективы», посвященный к Дню Первого Президента Республики Казахстан с участием польских ученых М.Засада и К.Бедковского, профессора университета Лаквила, Италия, Маргариты Мори, приехавшие для чтения лекций для студентов и магистрантов агрономического и экономического факультетов в рамках финансирования академической мобильности Министерства образования и науки РК, начальника центра по развитию международных связей и полиязычного образования к.п.н., доцента Мейрамовой С.А., профессорско-преподавательского состава кафедры «Лесные ресурсы и лесное хозяйство» и декана агрономического факультета, д.с.х.н, профессора Серекпаева Н.А., руководителей Комитета лесного и охотничьего хозяйства МСХ РК в лице заместителя Председателя И.А.Коваля, главного эксперта С.Т.Турумбаева, директора Кокшетауского селекционного центра Ф.М.Тетерина, директора Северо-Казахстанского филиала «Казгипролесхоз» Пернебаева Н.С., ученых-лесоводов ТОО «КазНИИЛХ», в лице его генерального директора, д.с.х.н., профессора Муканова Б.М. и студентов.

Вопросы, затронутые на круглом столе для наших студентов, магистрантов и казахстанских работников леса – это, в первую очередь, возможность изучения польского опыта подготовки кадров для лесной отрасли, трудоустройство выпускников, а также ведение лесного хозяйства, рационального лесопользования, охраны и защиты лесов двух государств Польши и Казахстана. С развитием межкультурного сотрудничества и введения полиязычного образования в ВУЗах Казахстана возросла ориентация на международные требования к уровню владения иностранными языками.

Эти вопросы для Казахстана сейчас являются очень актуальными - страна активно работает над увеличением лесистости территории, борется с опустыниванием, проводит мероприятия по возобновлению биоразнообразия, отметила зав.кафедрой «Лесные ресурсы и лесное хозяйство», д.с.х.н., профессор и член-корреспондент РАМ Сарсекова Д.Н.

Участники круглого стола обменялись информацией, опытом в области ведения образовательных услуг, дали сравнительный анализ развития лесного хозяйства двух государств, обозначили перспективы подготовки кадров и развития лесного хозяйства, а также направления дальнейшего сотрудничества. Как отметил И.А.Коваль, их специалистам очень интересен опыт Польши в области лесовосстановления, охраны и защиты лесов, поддержания биологического разнообразия и рационального лесопользования.

Участники виртуального круглого стола единодушно отметили, что состоявшаяся встреча будет содействовать развитию двусторонних связей и внедрению в образовательный процесс лесную науку и производство новых, прогрессивных идей и технологий.

**Мейрамова С.А.**
**к.п.н.,директор**
**ЦРМСиПЯО КазАТУ**
**им.С.Сейфуллина**

**Сарсекова Д.Н.,**
**д. с-х.н., профессор,**
**зав.кафедрой «Лесные ресурсы и лесное хозяйство»**
**КазАТУ им.С.Сейфуллина**



# Анам айтқан жалған сөз

***Қазақ елі өзінің тәуелсіздігінің тағы бір белесін артқа қалдырды. Тәубе, бұл жылда еліміз үшін жаман болған жоқ. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болды. Ал, ел басынан өткен сан алуан оқиғалар бұл тәуелсіздіктің қаншалықта еңбекпен, күшпен, ақылмен келгенін білдіреді. Осы туралы мына шағын әңгімеден оқи отырып, бір отбасының ұйытқысы болған бір ананың тағдырында бір елдің тарихы жатқанын аңғарамыз.***

Бала күнімізде отбасы жағдайымыз тым төмен болды. Кедейліктің тақсіреті маған сезілмесе де, шешеме қатты батты. Киер киім, ішер асқа жарымай жүргенде, ол үнемі өз ыдысындағы несібесін маған бөліп берер еді. «Құлыным, жей ғой, менің қарным ашқан жоқ» дейтін. Бұл оның үнемі айтатын жалған сөзі еді.

Ержете бастаған шағымда, базардағы қымбат зат немесе дәрумендер алып беруге шешемнің қалтасында көк тиыны жоқ еді. Үнемі жақын маңдағы өзеннен балық аулап келетін. Мен балық етін жеп, сорпасын ішкен сәттерімде, ол үнемі сіренің (үстел) шетінде отырып, балық сүйегін мүжитін. Анам қайнатқан балық сорпасының дәмі әлі күнге таңдайымда. Үнемі шынысына ет салып берсем, «Өзің жей ғой, білесің ғой мен балық етін ұнатпаймын» деп, қайтадан өз ыдысыма салып қоятын. Бұл оның екінші жалған сөзі болатын.

Орта мектеп оқып жүрген кезімде, менің оқу және киіміме кететін қаражатымды қамдау үшін үнемі түні бойы мардымсыз ақша үшін, тігіншілікпен айналысатын. Түн ортасында оянсам, бүкшиіп отырып, киім тігіп отырған анамды көретінмін. «Шеше, ұйықтаңызшы, таңертең тағы жұмысқа барасыз» десем, «Ұйықтай бер, құлыным, менің әлі ұйқым келген жоқ» дейтін еді. Ал бұл сәтте, таң ағаруға жақын қалғанын іштей сезіп жататын едім. Бұл оның үшінші жалған сөзі еді.

Жоғары оқу орнына емтихан тапсырар күні мектеп қақпасының алдында, шақырайған күн астында мені күтіп тұрған анамды көрдім. Өзге ата-аналар секілді дүкеннен салқын су алуға ақшасы жоқ шешем, маған бола қант қосылған қара шәй алып келіпті. Үш сағат бойына мені күтіп тұрған байғұс шешемнің ерні кеберсіп кетсе де, әлі нәр татпағанын білдім. Өзіңіз ішіңіз деп ұсынып ем, «Жаңа ғана іштім, әлі шөлдеген жоқпын» деді. Кесе түбіне анамның мейір-шапағаты тұнғанын сезетінмін. Сарқып ішіп, анамды құшақтадым. Бұл оның төртінші жалған сөзі еді.

Әкем өмірден озғанда анам тым жас еді. Жалғыздықтың азабын аз тартқан жоқ. Тігіншілікпен тапқан аз ғана нәпақасымен мені оқытты, республикалық әйгілі университетке қабылдандым. Нағашы апайымның жазған хатынан, үнемі жалғыз бас, аққөңіл көрші ағайдың анама көмектесіп, отын-суын әкелісіп, ірі-ұсақты шаруаларына қолғабыс етіп жүретінін білдім. Апайымның ойы да маған белгілі еді. Әкемді қанша сағынсам да, анамның жанашырсыз, жалғыздығын ойлап, үнемі демалысқа барған кезімде сол ағай туралы айтатын едім. «Әй, өзі бір ақ пейіл жан... бірақ, ұлым... мен оны ұнатпаймын ғой... өз жайың қалай, маған ертерек келін керек» деп күлімсірейтін. Әңгімені басқа жаққа бұра бастағанынан мен оның тағы да жалған сөйлеп тұрғанын сезетінмін. Бұл бесіншісі еді.

Университет бітірген жылы жұмыс жайымен сол қалада қалып қойдым. Жалақым, бір басыма жетпей жүрсе де, үнемі анама ақша салып тұратын болдым. Бірақ сол ақшам әр жолы өзіме қайтып келетін еді. Және «Құлыным, менің өз табысым өзіме жетеді. Сен қиналып қалма» деген сөз бар хаттар да келетін. Жыл соңында ауылға қайтқанымда анамның жұмыссыз қалғанын бір-ақ білдім. Сонда ғана оның маған тағы да жалған сөз айтқанын ойлап, көзіме жас іркілді.

Екі жылдан кейін мен Америкадағы бір әйгілі университетте докторлықты оқыдым. Оқуым біткен соң айлығы да жоғары, үлкен бір зерттеу орнының өтінішін қимай, сонда қалып қойдым. Ауылдағы анама ақша да, сыйлықтар да жіберіп тұрдым. Анамды қанша сағынсам да, бала күнімнен бері талпынған бұл еңбегімнің жемісін әлі көрмеген едім. Сол үшін қайтпадым. Ал анам «Мен ол жерге көне алмаймын» деп қасыма келуге қарсы болатын. Бұл оның әрі жалған, әрі шын сөзі еді.

Анам да қартайды. Бір күні ауылдан шұғыл шақырту келді. Жүрегім аузыма тығылардай үрей мен алаңдаушылық ішінде ауылға жол тарттым. Ауыр асқазан рагына шалдыққан анам емханаға түсіпті. Тәңірден күн сайын анамның амандығын тіледім. Ота аяқталғанда анамның жаны зорға қалған еді. Жанға батқан ауру азабы тіптен қартайтып жіберіпті. Осыншама уақыттан бері күн сайын оны сағынсам да, қадірін ешқашан жете түсінбеппін. Наркоздан әлі оянбаған анамды құшақтап егіліп жыладым. Аз-кем уақыттан соң ғана көзін ашып, маған күлімсіреп қараған анам қауқарсыз саусақтарымен менің қазандай басымнан сипап, «Құлыным, жазылдым ғой міне. Еш жерім ауырған жоқ...» деді. Мен оның ұлына айтқан ең соңғы жалған сөзін естігенімде, көз алдымда аспан ауып бара жатқандай мең-зең күй кештім.

**Қайсар Қауымбекұлы**



# КАК ЗАЩИТИТЬ СЕБЯ ОТ ОРВИ И ГРИППА!



**Досанова Махаббат**

**ОРВИ и грипп** – это самые распространенные болезни дыхательных путей, вызываемые вирусами. Они передаются воздушно-капельным путем от больного человека.

Основные жалобы при простуде: насморк, першение в горле, осиплость голоса, кашель, повышение температуры, слабость, мышечные боли и другие.

**У детей ОРВИ грипп** могут проявляться рвотой, диареей(понос), затрудненным дыханием.

**Первая помощь при простуде:**

- При первых признаках **ОРВИ и гриппа** необходимо обратиться за медицинской помощью – ВЫЗВАТЬ ВРАЧА НА ДОМ
- Необходимо оставаться дома, соблюдать постельный режим.
- Употреблять больше жидкости: чай с лимоном, малиной, медом, фиточай с витамином С, теплое молоко, морс, компот.
- В первые дни **ОРВИ и гриппа** эффективным средством профилактики являются противовирусные средства (арбитол, анаферон, лавамакс, интерфер он, оксалиновая мазь, солевые растворы в нос (капли, спрей: Маример, Аквамарис, Синомарин).

**Предупреждение распространения ОРВИ и гриппа:**

- Ежедневно производить влажную уборку и часто проветривать помещение (не менее 3х раз в день)
- Соблюдать правила личной гигиены, чаще мыть руки
- Смазывать слизистую носа оксалиновой мазью, особенно перед выходом из дома
- Постараться избегать массового скопления людей в период сезона **ОРВИ и гриппа**
- Не переохлаждаться, одеваться соответственно погодным условиям
- Использовать одноразовые медицинские маски при наличии больного в семье, на работе
- Провести своевременную вакцинацию от гриппа! (В первую очередь детям, беременным и пожилым людям по рекомендации врача!)

**Особенное внимание необходимо обратить на профилактику ОРВИ и гриппа у беременных и детей!**

- Обязательное ношение маски в период подъема заболеваемости **ОРВИ и гриппом** (осеннее-зимний период) при выходе из дома и в доме при наличии больного **ОРВИ и гриппом** в семье
- Избегать нахождения в местах массового пребывания людей (ЦОН, вокзалы, аэропорты, общественный транспорт, супермаркеты, детсады и школы)
- При появлении первых признаков **ОРВИ и гриппа** незамедлительно вызвать участкового врача (педиатра и терапевта) на дом в дневное время и скорую помощь – в ночное время
- Провести своевременную вакцинацию по рекомендации врача!
- Не заниматься самолечением!
- Помнить о том, что в период беременности ослаблен иммунитет и **ОРВИ, грипп** могут вызвать тяжелые осложнения (бронхит, пневмония, выкидыши, преждевременные роды с осложнениями)
- При несвоевременном обращении осложнения **ОРВИ и гриппа** могут привести к смертельному исходу!
- Сформировать домашнюю аптечку для первичной профилактики **ОРВИ и гриппа** (термометр, маски, аскорбиновая кислота, арбитол, анаферон, лавамакс, интерферон, оксалиновая мазь, солевые растворы в нос (капли, спрей: Маример, Аквамарис, Синомарин)!

***Только врач при личном осмотре может назначить Вам лечение!***
***Не занимайтесь самолечением, оно опасно для Вашего здоровья.***
***Берегите себя и будьте здоровы!***



# НАЧАЛАСЬ ТРАДИЦИОННАЯ МЕЖФАКУЛЬТЕТСКАЯ СПАРТАКИАДА СТУДЕНТОВ



4 декабря 2012 года стартовала традиционная межфакультетская спартакиада среди студентов, посвященная Дню Независимости Республики Казахстан. Спартакиада по 11 видам спорта организована спортивным клубом и кафедрой физического воспитания. На церемонии открытия спартакиады проректор по воспитательной работе университета Жайнагуль Айтмаганбетовна Кусаинова поздравила всех участников и пожелала удачи. Также состоялось награждение победителей и призеров традиционной спартакиады первокурсников, которая проводилась с 17 сентября по 18 октября 2012 года. Командам были вручены специальные кубки и дипломы спортивного клуба.

**С.Сулейменов**





***Уважаемые читатели! Как вы знаете на веб-сайте университета организовано «Блог ректора», где вы напрямую можете задать вопросы, интересующие вас. Сегодня мы предлагаем вашему вниманию некоторые вопросы и ответы, которые заинтересуют всех читателей газеты «Менің университетім». Ждем вас на сайте www.agun.kz***

**Сақтағанова Шолпан**

**-** Саламатсыз ба, Ақылбек Қажығұлұлы! Университетіміздің 55 жылдығымен тағы да шын журектен құттықтаймын! 15 қараша күні "Жас Отан" жастар қанатының 2 съезі болатынымен хабардармыз. Бүгін біз болатын кештің дайындығына қатыстық.Съезге университетімізден студенттер таңдалынып алыпты. Мәселен, группамыздан тек 3 студент. Дайындықта Еуразия Ұлттық университетінен де студенттер болған еді және олар оздерінің көптігімен ұйымдастырушыларға ұнады. Айтайын дегенім, неге біздің университетімізден санаулы ғана студенттер барады? Біз де сол кешті тамашалағымыз келеді. Елбасымен өтетін кешке жіберуіңізді сұраймыз..

**-** Құрметті Шолпан! 2012 жылғы 15 қарашадағы «Жас Отан» жастар қанатының 2 съезіне студенттер санын Білім және ғылым министрлігі бекітті. Азаматтық белсенділігіңізге ризашылығымды білдіре отырып, алдағы уақытта іс шараларға қатысқыңыз келсе, факультет деканына ұсыныс білдіруіңізді сұраймын. Себебі, студенттер тізімін жасақтау деканаттың құзырында.

**Арапбек Динара Нұрланқызы**

**Сұрақ:** Құрметті Ақылбек Қажығұлұлы!

Мен техникалық факультеттің 1-ші курс студентімін. Мен сізге №7 жатақханаға қолайлы жағдайлар жасағаныңыз үшін алғысымды білдірмекшімін. Тоңазытқыш пен камера орналастырылған,бөлмеміз жылы.Студенттерге сабағын оқу да ыңғайлы.Камераның арқасында ерсі әдеттер мейлінше азайған. Жатақханамыздың коменданты да күн сайын жағдайымыздан хабар алып тұрады. Бір-бірімізбен тату-тәтті өмір сүрудеміз. Сізге және де кеңесшілеріңізге көп-көп рахмет!

**www.agun.kz сайтындағы Ректор блогы**

**С.Сейфуллин атындығы ҚазАТУ студент жастарының «Менің университетім» газеті.**

**Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, 16.04.2012 жылы № 12645-Г куәлігі берілген. Газет ай сайын шығады, таралымы 1 000 дана.**

**Баспасөз орталығының Директоры** Талғат Маханов
**Бас редактор** Равиль Нұржанов
**Дизайн және беттеуші** Жансая Омарова
**Редакцияның мекен-жайы:** Астана қ, Жеңіс даңғылы, 62
**Байланыс телефоны**: 8 /71 72/ 39 57 07